

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 20 наурыздағы № 286 "Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 367 шешімі

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабының 2-тармағына сәйкес, Науырзым аудандық мәслихаты

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 20 наурыздағы № 286 «Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» шешімінің күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5525 нөмірімен тіркелген, 2015 жылы 17 сәуірдегі № 13 «Науырзым тынысы» газетінде жарияланды).

2. Заңмен белгіленген тәртіпте осы шешімнің көшірмесі әділет органдарына жолдансын және оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануы қамтамасыз етілсін.

3. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасы

Е. Алдажұманов

А у д а н д ы қ

мәслихаттың хатшысы

З. Алдажұманова